

THE ROLE OF CUSTOMS AND TRADITIONS IN FOUNDATION OF KAZAKH AESTHETICAL CULTURE

Zh.B. Oshakbayeva

iph@iph.kz

Institute for Philosophy, Political Science and Religions Studies CS MES RK, Almaty, Kazakhstan.

Key words: custom, traditions, ceremonies, art, aesthetics, wonderful, culture, image, moral, education.

Abstract. In the article underlined a significance of customs, traditions, music and oral poetry in foundation of aesthetic cognition and aesthetical culture of Kazakh. Author noticed that the Kazakh have a discriminating aesthetical taste, also concentrate on issues of spiritual-moral education, speech culture, people interrelations, harmony of internal world.

Depending on geographical and social-economical futures in traditions and customs are expressed experience, principles and ethical norms of Kazakh. Respect to the older generation entered in the content of spiritual culture and become oral law of Kazakh, which transmitted from one generation to others. Author noticed a role of aesthetical cognition in the case of youth education.

УДК 18

ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Ж.Б. Ошақбаева

iph@iph.kz

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

Тірек сөздер: эстетика, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнер, үлгі-өнеге, сұлулық, әсемдік, мәдениет, түр-келбет, мораль, тәрбие.

Аннотация. Мақалада эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшелігі айқындалып, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, ауызекі поэзиялық, музыкалық, қолданбалы өнердің бүгінгі күнгі балалар мен жастардың эстетикалық-танымдық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктерінің жоғары екендігі дәлелденеді. Салт-дәстүрлерді зерттеу арқылы қазақ халқы балалар мен жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, моральдық-этикалық, мінез-құлық әдебіне, жүріс-тұрыс, киім-кию, сөйлеу, қарым-қатынас мәдениетіне, эстетикалық талғам, көзқарасына, түр-келбеті мен ішкі жан дүниесінің үйлесімділігіне аса назар аударғандығы анықталады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр, сондықтан салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор.

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тіршілігінде балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие беру арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың өзіндік тәжірибесін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жинақтады. Оларда халықтың озық тәжірибесі, орнықты қағидалары мен принциптері, мінез-құлық нормалары көрініс алған, элеуметтік-экономикалық, тарихи-географиялық жағдайларының, тұрмыс-салтының өзіндік ерекшелігіне сәйкес балалар мен жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға деген талаптары қалыптасқан.

Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны музыка мәдениетінен, би өнерінен, қол өнерінен, тұрмысынан байқаймыз. Ән, күйлерді тыңдай отырып, билерін, ою-өрнектерін, зергерлік әшекей

заттарын көре отырып, оның қай ұлтқа тән екенін білуге болады. Осылайша қазақ ұлтын да онай ажыратуға болады. Қазақ халқының бұрыннан пайда болған салт-дәстүрлері басқа көршілес жатқан ұлттардың салт-дәстүрлеріне ұқсас болып келеді. «Қырғыз, қазақ бір туған» деген мақал қазақ халқы мен қырғыз халықтарының бір-біріне өте ұқсас екенін көрсетеді. Сонымен қатар, түркі тілдес халықтар да қазақ халқымен бір қандас болып келеді. Қай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы: қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда да кездеседі. Бірақ бұл қасиеттер әрхалықта әр қырынан көрініс береді. Сонымен ұлттардың салт-дәстүріндегі мінездері мен қасиеттері бір-біріне ұқсап, бірін-бірі толықтырады. Кейбір салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне, сеніміне, ырымына қарай қалыптасып келеді. Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Той-думандарда, жиындар мен мерекелерде орындалатын осы қазақ халқының салт-дәстүрлері оның ұмыт болмағанын паш етеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр. Салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор. Ол бала тәрбиесіне байланысты, тұрмыс-салт және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып үш түрге бөлінеді.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда қазақ халқының салт-дәстүрлерінің (бала тәрбиелеу, үйлену тойы, отбасылық той-жиындар, маусымдық мерекелер, діни мерекелер, ырым-жоралғылар) рөлі ерекше болды. Қазақ халқында ертеден келе жатқан «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» немесе «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген өсиет-нақыл сөздері ел арасына кең тараған. Бұдан баланың өскен ортасының тәрбиелік мәніне ерекше назар аударылғанын байқаймыз. Осыған орай, ер баланы тәрбиелеуде әкенің, қыз баланы тәрбиелеуде шешенің рөлі жоғары болған. Әрбір ата-ана балаларына үлгі-өнеге ретінде өздерінің бар білгендерін үйретіп отырған. Олардың нендей іске қабілеттілігін, қандай өнерге бейімділігін аңғарып, мүмкіндігінше олардың бойындағы табиғи дарындылығын ашуға талпынған. Мұндай өміршең дәстүр бүгінде өз жалғасын табуда.

Бала тәрбиесіне бүкіл ауылдың үлкен-жасы бірдей араласқан. Олар жастардың мінез-құлқытарында кездесетін кемшіліктерге байланысты ақыл-кеңес беруден жолықпаған. Үлкенді сыйлау - қазақ халқының жазылмаған заңына айналған. Бұл дәстүр бойынша жастар рухани-эстетикалық, моральдық-этикалық мәдениет элементтерін: үлкеннің алдын кесіп өтпеу, сыпайы болу, үлкенмен сөз жарыстырмау, үлкендерге бірінші болып орын беру, олардың отырған бөлмесіне рұқсатсыз кірмеу, сөздерін жөн-жосықсыз бөлмеу, сөз қайтармау, дөрекі сөйлемеу, тіпті үлкендердің алдында қатты күлмеу және т.б. меңгерген. Үлкендерге деген мұндай мәдени көзқарасты адамгершілік-эстетикалық тұрғыда жалпыадамзаттық өлшем деп қабылдаса да болады.

Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрінен де эстетикалық мәдениеттің көптеген көріністерін байқауға болады. Атап айтсақ, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем беруге асығады» деген мақалға байланысты, қандай да бір қонақты «құдайы қонақ» деп танып, оған бар жол-жорасын тартуға асығады, оған төрден орын беріп, алдына ақ дастарханын жайып, сый-құрмет жасайтындығы. Осындай қонақжайлылық кәдесін-ғұрыпын атқару барысында қонақты әңгімеге тартып, ел жаңалықтарын тыңдау, тіпті олар домбырашы, сазгерлер болса, онда олардың өнерін тамашалау да әдетке айналып отырған. Оны «жөн сұрасу», «қонақ кәде» деп атап кеткен. Олардың қатарына елге танымал ақын-жыраулар, сазгерлер мен айтыс ақындары да жатқан. «Ауылдың алты ауызы» деген ырымды ұстана отырып, қонақ күтуші оның көңілін табу үшін ауыл жастарына өлең айтқызып, домбыра тартқызу да қонақжайлылықтың бір белгісі ретінде танылған. Осыдан барып халқымыздың «Адам болар бала қонаққа үйір» деген мақалы да тегін айтылмаған. Қазақ халқы осындай іс-шараларға жастарды қатыстыруды шартқа айналдырған. Онда үлкендердің әңгімесін, өлең-жырларын тыңдау арқылы жастарға тәлім-тәрбиелік өнеге, ғибрат беру көзделген. Мұндай қонақжайлық әрекет те жастардың эстетикалық мәдениетінің қалыптасуына өз ықпалын тигізіп отырған.

Тіпті, сәлемдесудің де ерекшелігі әр түрлі болған. Мысалы, жастардың үлкендерге қос қолдап амандасуы немесе әйел затының ыммен, мимикамен, сондай-ақ, қолын тізесіне апарып иіліп сәлем

беруінің өзі сырттай қарағанда жарасымды болып көрінеді. Мұндайда үлкендер «Өркенің өссін!», «Ұл тап!» деген секілді өздерінің көңіл күй әсерін білдіріп отырады. Яғни, үлкендер мен жастардың, әйелдер және қыздардың арасындағы қарым-қатынаста осындай әсерлі мінез-құлық белгілері, әрине адамшылықтың өлшемі болып, болашақ мұғалімдердің эстетикалық мәдениетінің көрсеткіштерінің бірі ретінде маңызды қызмет атқарады.

Қазақтарда бата беру әдет-ғұрпы кеңінен етек алды. Ол әрбір іске кірісер алдында міндетті саналатын. Бата поэтикалық тілмен жалпы жұртқа қарап тұрып беріледі. Онда бата беруші адам өзгелерге ізгі жақсылық, табыс тілейді. Батаны жасы үлкен адам немесе жолы үлкен қонақ беруі тиіс. Бата беруші Жаратушы Алладан бақытты өмір, материалдық байлық, әрбір істе табысты болуын тілейді. Бата екі қолды ілгері қарай жоғары созып, екі алақанды өзінің жүзіне қарата бұрып тұрып беріледі. Бата беру «әумин» деген сөзбен аяқталады. Бата адамдарды лайықсыз, теріс қылықтардан сақтандырады, ол жастарды, ізгілікті әрі қайырымды істерге баулиды. Қандай да болсын бір іске кірісерде, дастарқаннан дәм татуға отырғанда немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанарда әркім ақсақалдардан бата алатын болған. Бата шаңырақ көтеріп, жеке үй-жай болғандарға да беріледі. Қазақтар өздерінің балаларына атақты кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысқан.

Қазақтарда үйіне келген кез келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ежелден орын алды. Егер үй иесі қонаққа ондай құрмет көрсетудің дәстүрлі әдет-ғұрпынан бас тартса, әлгі бейтаныс жолаушы үй иесінің үстінен биге барып, шағым айтуға құқықты болған. Ал би қонақжайлылық әдет-ғұрпын бұзған үй иесіне ат-тон айып салатын. Әдетте мұндай келеңсіз оқиға қазақ арасында өте сирек ұшырасқан.

Ежелден келе жатқан әдет-ғұрпының бірі - дәм ауыз тию. Үйге бас сұққан кез келген адамды дәмнен ауыз тигізбейінше жібермейтін - «қуыс үйден құр шығармайтын», тағы бір жақсы әдет-ғұрпы - ерулік беру. Басқа жақтан жаңадан көшіп келгендерді оның туған-туыстары немесе көршілері арнайы дастарқанға шақырып, ерулік тамақ беретін болған. Бұл арқылы көшіп келген туыстарына немесе көршілеріне деген ыстық ықыласы мен ізгі ниетін білдірген. Ал көшіп келгендер жаңа қонысқа тез үйреніп, ондағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға ықыласты болатын.

Қазақ халқының ежелден желісі үзілмей келе жатқан дәстүрлі мәдениетінің бірі той-томалақтар мен жиындар. Өйткені адам баласы шыр етіп дүниеге келіп, қартайған шағына дейін сан алуан ойын-сауықтар мен сән-салтанат аясында өмір сүреді. Тойларда түнімен өлең айту, домбыра тарту, ұлт ойындарын ойнау, ат жарыс, палуан күрес, ақындар айтысы, жыр шашуы, алтыбақан, қыз қуу ойындары т.б. Тойдан қуаныш, ләззат алған жастардың көңілінде ізгілік, жақсылық сезімдері ұялайды.

Қазақ халық фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілерінің де эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда мәні ерекеше болды. Өйткені олардың мазмұны балалар мен жастарды кішіпейілділікке, ғибраттылыққа, мейірімділікке, имандылыққа бағыттады, борыш, парыз, ар-намыс, абырой ұғымдарынан түсінік берді, мінез-құлық әдебіне, моральдық қарым-қатынас мәдениетіне баулыды, қиялына қанат бітіріп, арман асуларына жетеледі. Халық оларды (мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер, жұмбақтар, эпостық жырлар, дастандар және т.б.) эстетикалық, мәдениетті қалыптастыруда өте ұтымды пайдаланды, мүмкіндіктерін жоғары бағалады. Мысалы, «Өнер алды - қызыл тіл» деп тіл өнерін жоғары бағалаған, «Өнер» сөзінің аясына көп ұғымды сыйғыза білген, яғни бұл сөз түрлі контекстерге орай бірде «өнер», бірде «көркем өнер», бірде «шеберлік», бірде «ісмерлік» мағынасында қолданылып отырған. Сондықтан, өнер жөніндегі көптеген мақал-мәтелдер халықтың өнерге, өнердің белгілі бір түріндегі шеберлікке деген көзқарасын бейнелейді. Мәселен, «Өнерлі өрге жүзеді», «Өнерлі бала сүйкімді», «Ақыл көпке жеткізеді, өнер көкке жеткізеді» деген мақал-мәтелдер бұған айғақ.

Ерте заманда туып, көне дәуірдің көріністерін сақтап келген қиял-ғажайып ертегілерінде халқымыздың тұрмысы, салты бейнеленеді, күнделікті өмірі көрсетіледі. Әрине өмір шындығын қиял-ғажайып ертегілер тікелей, сол қалпында емес, эстетикалық тұрғыда бейнелейді. Өмірдегі тартыстар, болмыс-көріністер, әдет-ғұрып бәрі халықтың эстетикалық рухына сай жасалған. Мысалы, «Ер Төстікте» алғашқы қауым адамдарының ырымдары мен әдет-ғұрыптары да жиі кездеседі. Атап айтқанда Төстіктің жер астына түсіп, үстіне шығуы, оның Шойынқұлақпен

айқасуы шамандық көзқарасқа тән түсінікті бейнелейді.

«Ер Төстіктің» бас қаһарманы, эстетикалық мұраты – халық идеалы. Ертегі тек халық мұратын мадақтайды. Қазақ ертегілерінің бас қаһармандары – аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша бала және басқа әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі. Бұлардың бәрі халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер. «Ер Төстік» те сондай кейіпкерлердің бірі. Онда классикалық батырлық ертегіге тән белгілердің бәрі бар. Сайыста кейіпкердің өз күшімен емес, керемет достарының арқасында жеңуі – батырлықтан гөрі қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы.

Балалар мен жастардың эстетикалық талғамын, мәдени эстетикалық көзқарасын, эмоционалды сезімін дамытуда қазақ халқы ертегілерде ұтымды пайдаланған. Ертегіде суреттелген кейіпкерлердің көркем бейнелері, сондай-ақ адамдардың сұлулық пен нәзіктікке берген жоғары бағалары арқылы баланың әдемілікке деген қызығушылығын арттыруға талпынған.

Қазақтар бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қазақтың дәстүрлі тәрбиелік үлгі-өнегелері ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Жиналып тұрған топқа жақын келген адам оларға бірінші болып сәлем беруге міндетті. Атты адам жаяу кісіге, жасы кіші үлкендерге бірінші болып сәлем береді. Алға келген астан алдымен жасы үлкен адам дәм татады. Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. Балаларға жақсы тәрбие, үлгі-өнеге беруде мақал-мәтелдердің атқаратын рөлі зор. Халық даналығы балаларды еңбексүйгіштікке, алды-артын аңдап сөйлейтін сақтыққа, адамгершілік асыл қасиеттерге баулиды. Мәселен, «Аққа Құдай жақ», «Батырдың күші - айласында», «Асықпаған арбамен қоян алады», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «Жаздың бір күні жылға азық», «Жақсыда жаттық жоқ», «Жаман үйді қонағы билейді», «Жақсы жігітке жеті өнер де аз» сияқты мақалдардың тәрбиелік маңызы зор.

Эпос туындылары ғасырлар бойы қалыптасты және әр түрлі кезеңдерде болған барлық тарихи оқиғалармен тығыз байланысты болды. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» сияқты лирикалық жырлардың мазмұны әдетте махаббат тарихы болады. Лирикалық жырларда, батырлық жанрдағы шығармаларға қарағанда, ғашықтардың сезімдері мен қасіреттерін, басты кейіпкерлердің сыртқы және ішкі сұлулығын суреттеумен қатар, әсем көріністер мен тұрмыстағы оқиғаларға көбірек назар аударылады. Эпикалық поэмалардың бас кейіпкерлері Құртқа, Гүлбаршын, Қарагөз, Қарлыға, Назым, Ақ Жүніс, Қыз Жібек, Баян Сұлу, Айман мен Шолпан қазақтың маңдай алды сұлуы болып көз алдымызға елестейді.

Эпикалық поэмада әр түрлі әйел портреттері беріледі. Мысалы халықтың әсемдік мұратына сай келетін Жібек бейнесі былай суреттеледі:

*«Қыз Жібектің құрметі,
Жиһаннан асқан сәулеті,
Ләйлі-Мәжнүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті...
Өзі он төрт жасында-ай,
Кебісінің өкшесі
Бұхардың гәуһар тасындай,
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында-ай [1].*

Қазақ халқы қыздар мен балалардың эстетикалық көзқарасының дамуына үлкен мән берген, оларды сұлулықты түсінуге және оны өздерінің қолдарымен жасай білуге үйреткен. Сұлу, әсем бұйымдар адамға эстетикалық ләззат береді, жағымды сезім тудырады, өзіне қызықтырып, көңіл-күйді көтереді деген түсінікпен қазақ халқы қыздар мен ер балаларды қолданбалы өнерге (кілем тоқу, ағаш өңдеу, сырмақ сыру, кесте тігу, алаша, ши тоқу, алқа, сырға, шолпы, тас қашау және т.б.) үйрете отырып, әсемдік сезімін, сұлулықты түсініп, жасау шеберлігін, өмірді әдемі, өнегелі етуді, қоршаған табиғаттың түрі мен бояуын қабылдай білуді қалыптастырған. Балаларға кішкене күннен бастап әдемілікті ұсқынсыздықтан айыра білуге ықпал ететін сезімді тәрбиеледі. Халықтың осы ежелден қалыптасқан қолөнерінің сан-алуан түрлері, әдіс-тәсілдері, амал-жолдары ұрпақтан-

ұрпаққа үзіліссіз беріліп келеді. Көркемдік өнер мен халық шеберлерінің туындысы бүгінгі жастарымызға үлгі және халықтың ғасырлар бойғы көркемдік тәжірибесінің сарқылмас қайнар көзі болып отыр.

Қазақ халқында ауызша-поэтикалық шығармашылықтың кең таралған түрі – қазақ әндері еді. Қазақ әндері бізге халықтың эстетикалық көзқарастарын көрсетуге мүмкіндік береді. «Қазақ әні қияли ғайыптан пайда болған дүниенің белінен аттап өтіп, керісінше, қоғамдағы жеке адамның меншік ғұмырын, сезімі мен мақсат-мұратын сыр етіп шертеді. Әнді тыңдаушылар таңғажайып және діни уақиғалардан гөрі, айналасын қоршаған болмыстың тегіне көз тігіп, сол болмыстың бітімі мен көңіл тұшынарлық, ләззат аларлық қасиетіне құлшынады», - деп жазды В.В.Радлов [2]. Қазақ әнінде күйбең тірліктен гөрі сезім толғаныстарына жол берілген, ән сұлу сезімге, биік парасатқа ынтықтырып, ынтызар ете түседі. Қазақ әніне махаббат, сағыну, қоштасу, жан ашу, жақсының тілеуін тілеу сияқты ірі сезімдер арқау болады. Әр әннің шығу тегі мен өз өмірбаяны бар. Мысалы, Әуіпідек – адам сезімінің сұлулығы жырланған, философиялық және эстетикалық зерде тоғысқан ән.

Қазақ елінің рухани жан дүниесі мен эстетикалық талғам-танымының қалыптасуындағы әннің ықпалы орасан зор. Халқымыздың ән өнерінде тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып сипатымен қатар ой-санасы, бітім-болмысы, дүниетанымы айқын көрініс тапқан. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан ән өнерінің шоқтығын биіктетіп, оны ұдайы дамытып, кемелдендірген халқымыздың маңдайына біткен дүлдүл өнерпаздары екені белгілі. Ұлттық мәдениетті дамытуда, халықтың ой-сезімін, рухани дүниесін жаңартып байытуда сал-серілер мен әнші-ақындардың қосқан үлесі ерекше. Олар өнерпаздық қырларымен ғана емес, сауаттылығымен де белгілі адамдар болған.

Сал-серілер мектебі, өнерпаздар тобы туған халқының поэзиясын, ән-күйін терең біліп, мәртебесін шырқау биікке көтеруімен бірге, өзге елдің әдебиетін, өнерін, тілін жетік меңгерген. Қазақ музыка мәдениетінде халық ішінде «сал» және «сері» деп әспеттелген ақын-әншілердің алатын орны ерекше. Сал немесе сері деген құрметті атқа әншілік-поэтикалық өнерді асқан шеберлікпен меңгерген адамдар ғана ие бола алады. Олар үшін өнер тек уақыт өткізу немесе әуестенушілік, күнкөрістің көзі емес, негізінде, өмірінің, тірлік-тынысының арқауы болған. Сал-серілер бүкіл ғұмырын халық өнеріне қызмет етуге арнаған жандар еді.

Қазақтың сал-серілері өзінің дер шағындағы талант табыстарын түгел дерлік жас ұрпаққа арнап, солардың жүректерін тебірентер тамаша туындылар жасады. Жоғары адамгершілік идеяларға толы өміршең поэзия, асқақ та әсем ән әуендерін қалдырды. Жастық дәуреннің кеудені кернеген армандарын, басына түскен мұңын, адамның жан сұлулығы, мөлдір махаббат сезімдерін жылуы мол жалынды жырмен толғап, әсем әуенмен аспандата әндетті. Көптеген сазды, сәнді лирикалар қалдырды. Мәселен Біржан өлеңді ән үшін, әнді өлең үшін шығарған. Сондықтан олар өзара біте қайнасып, бірігіп кеткен туындылар. Ғашықтық лирикаларындағы нәзік сезім дүниелерін Біржан асқан ақындық шабытпен жүрек тебіренге жырлап берді. Жастар жүрегінің қылын шертіп, іштегі жасырын сырларын ақтара ашады. Махаббат күйігіне душар болғандар мінезі, олардың эмоциялық сезім-серпіндері қоғамдық-әлеуметтік шындықтарға байланыстырылып, биік идеялы сатыға көтеріледі. Осылайша, лирикалы ақиқат өмірден туып, әлеуметтік қорытынды жасайды, адамгершілік ақылдар ұстанады.

Е.Тұрсынов сал-серілердің махаббат туралы көп жырлағанына тоқталады: «Салдың өлеңдерінде махаббат лирикасы көрнекті орын алады. Мысалы, Біржан сал шығармаларының толық жинағына кірген 59 өлеңнің (1967 жылғы басылым) 23-і махаббат тақырыбына, 9-ы махаббат пен өмірдің барлық тірліктеріне арналған».

Ақ түйегін құс қолымда сырғақты ма?

Басып-басып алайын ырғақтыма.

Бозбала, саған айтар өсиетім,

Жақын жүр әлпештеген ардақтыға [1].

Біржан сал дүниетанымының тірегі – шындықты тайсалмай айтып, салдық дәстүрді еліне кең ауқымда таратып, оның эстетикалық қуатын айқындап, халқына жеткізуші. Ол барлық өлеңдерінде адамға деген сүйіспеншілік идеясын негіз етіп алады, өлеңдерінде адамның қоғамға қатыстылығын айқындайды.

Сал-серілердің ақындығы мен өнерпаздығы, әншілігі қатар келеді. Олардың әндері нәзік,

сезімді толқытарлық лирикалы, көбінесе махаббат тақырыбына арналып айтылады. Ақан серінің «Торыны таңға байлап, мінген қандай» деген лирикасын мысалға алсақ, онда торы атты әсемдеп жаратып мініп, қызды ауылдың тұсында ән шырқап, сұлу қызға жеңгесі арқылы сөз айтып, ишаратпен әзілдесіп, іштей бірін-бірі ұғысқан, біріне-бірі ынтық болған ақын сыры баяндалады.

Қазақ жері қай заманнан бері ән мен жырдың, шешендіктің қайнар көзі, алтын бастауы болған. Осы бір ұлан-ғайыр байтақ далада өмірге не бір даналар келмеді десеңізші. Қазақ елінің рухани жан дүниесі мен эстетикалық талғам-танымының қалыптасуындағы әннің ықпалы орасан зор. Халқымыздың ән өнерінде тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып сипатымен қатар ой-санасы, бітім-болмысы, дүниетанымы айқын көрініс тапқан. Қазақ халқының мәдени мұрасының эстетикалық құндылықтары салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, ауызекі поэтикалық, музыкалық, қолданбалы өнерінің эстетикалық-танымдық мәдениетін қалыптастыруда мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] З.А. Ахметов. О языке казахской поэзии. Алма-Ата, 1970. С. 36.
- [2] Радлов В.В. Образцы народной литературы современных тюркских племен. 5-бөлім.СПб, 1885.
- [3] Тұрсынұов Е. Ария сала // Альманах «Тамыр», №1-2, январь, июнь, 1999.

REFERENCES

- [1] Z.A. Achmetov. O yazyke kazaxskoj poezii. Alma-ata, 1970. s. 36. (in Rus).
- [2] Radlov V.V. Obrazcy narodnoj literatury sovremennyh tjurkskih plemen. 5-ch.SPb, 1885. (in Rus).
- [3] Tursunov E. Areo Sala // Almanac "Tamyr", № 1-2, January, June, 1999. (in Rus).

Роль обычаев и традиций в формировании эстетической культуры казахского народа Ошакбаева Ж.Б.

Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК

Ключевые слова: обычай, традиции, обряды, искусство, эстетика, прекрасное, культура, облик, мораль, воспитание.

Аннотация. В статье подчеркивается значение обычаев, традиций, музыки, прикладного искусства и устной поэзии в становлении эстетического познания и эстетической культуры казахов. Автор отмечает, что казахскому народу присущи тонкий эстетический вкус. Большое внимание уделяется вопросам духовно-нравственного воспитания, культуры речи, отношений между людьми, гармонии внутреннего мира.

В зависимости от географических и социально-экономических особенностей в традициях и обычаях находят отражение опыт, принципы и этические нормы народа. Уважение к старшим вошло в ткань духовной культуры и стало неписанным законом казахов, передающимся от поколения к поколению. Автор особо подчеркивает роль эстетического познания и эстетической культуры в деле воспитания молодежи.

Поступила 02.11.2014 г.